

ӨТКІЗІЛГЕН КЕҢЕСТЕР ЖӨНІНДЕ ЕСЕП

тақырыбы: «Арпа егістігінің зиянкестерімен биологиялық күресу шаралары»

бағыты: «Дәнді, майлы және жемшөп дақылдары»

Өткізу күні: 29 шілде – 4 тамыз 2025 жыл

Кеңес өткізу орны: Жамбыл облысы, Шу ауданы, Қонаев ауылы

«Дархан-К» ШҚ-ның жетекшісі



Құндызбеков Д.

қолы, М.О.



Эксперт:



(қолы)

Меңдібаева Г.Ж., PhD

«Ж. Жиенбаев атындағы
ҚазӨҚЖК ҒЗИ» ЖШС
Басқарма төрағасы



қолы, М.О.

Дуйсембеков Б.А.

Есеп құрылымы

1) кеңес беруді қажет ететін мәселелер; Арпа егістігінің зиянкестерімен биологиялық күресу шаралары.

2) қойылған мәселені немесе қызметті жақсарту жөніндегі кеңейтілген дәлелдер мен ұсыныстарды қамтуы тиіс мәселелер шеңберін шешу жөніндегі сарапшының ұсынымдары; Қазіргі таңда ауылшаруашылық дақылдарының ішінде арпа егіс құрылымы бойынша үлесі бидайға теңесіп келеді. Арпа дақылының фитосанитарлық жағдайды сауықтырудың кейбір тәсілдері маңыздылығын жоғалтқан. Қазақстанның астық себілетін аудандарында негізінен астық өндірісі тұрақсыз ауа райы жағдайларына байланысты. Агрометеорологиялық жағдайлар арпа егістіктерінің фитосанитарлық жағдайына әсер етеді. Арпаның негізгі зиянкестеріне астық жолақ бүргесі (*Phyllotreta vittula* Redt.) және дәннің сұр көбелегі (*Aramea anceps* Schiff.), гессен шыбыны (*Mayetiola destructor* Say.), бидай трипсі (*Haplothrips tritici* Kurd.), швед шыбыны (*Oscinella pusilla* Mg.), астық жолақ бүргесі (*Phyllotreta vittula* Redt.), бидай трипсі (*Haplothrips tritici* Kurd.), дәннің сұр көбелегі (*Aramea anceps* Schiff.), бітелер (*Sitobion avenae* F., *Brachycolus pocius* Mordv.) өнімге қауіп туғызады.

Бүгінде арпаның зиянкестеріне астықтық жолақ бүргесі – *Phyllotreta vittula* Redt., арпаның швед шыбыны – *Oscinella pusilla* Meig., астық сабағының үлкен бүргесі – *Chaetocnema aridula* Gyll. және астық сабағының кіші бүргесі – *C. hortensis* Goeffr. өте көп мөлшерде зиян келтіреді.

Арпа егістігінің зиянкестерімен биологиялық қорғау шараларының кешенін әзірлеу мақсатында зиянкеске қарсы әртүрлі биопрепараттармен бүрку жұмыстары Грeen голд, 0,3 л/га + Фитоспорин-М, 1,0 л/га ұсынылды.

3) өнім өндірісін ұлғайтудың/өнімділікті арттырудың/өзіндік құнын төмендетудің сандық көрсеткіштерін көрсете отырып, АӨК субъектісінің ұсынымдарын қолдану нәтижелері бойынша күтілетін нәтиже және т. б.; Арпа егістігінің зиянкестеріне қарсы қолданылған Грeen голд, 0,3 л/га + Фитоспорин-М, 1,0 л/га биологиялық препараттарымен өңдеудің биологиялық тиімділігі 82-85% құрады. Экологиялық тұрғыдан алғанда, өңделетін аумаққа және қоршаған ортаға пестицидтік жүктеме азаяды, техниканың егістікке шығу санының төмендеуі нәтижесінде топырақтың тығыздалуы мен ластануы аз дәрежеде орын алады.

